

"Новый орта мектеп- лицейі" КММ  
«Қамқоршылық» кеңесі отырысының  
ХАТТАМАСЫ № 3

Мерзімі: 09.04.2022 ж

**Қатысқандар:** «Қамқоршылық» кеңесі мүшелері, ұстаздар, мектеп әкімшілігі, педагог психологтар, әлеуметтік педагог.

**Күн тәртібіндегі мәселелер**

**1. «Жылы жүрек-жосарт қол» қайырымдылық шаралары**

Мектеп-лицей директоры А. Кисикова

**2. Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ.**

**Бүгінгі ата-анаға қандай талаптар қойылады?**

Мектеп психологтары М.Мулдагазина, А.Сұлташева

**3. Ыстық тамақ сапасына мониторинг жүргізу**

Әлеуметтік- педагог С. Елеусизова

**Тыңдалды:**

**Новый орта мектеп- лицей директоры А. Кисикова :** - Мектебіміз барлық іс-шараларды жоспарға сай жүргізіп келе жатыр. Сол іс-шаралардың бірі - "Қайырымдылық" акциясы.

"Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзін көрерсің!" деген дана халық. Қайырымдылық-халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. Қамқорлықты қажет ететін жандарға қол ұшын беру арқылы адам баласы жақсылыққа қадам бастайды. Осы орайда "Біз біргеміз!" қайырымдылық акциясы дәстүрлі түрде жыл сайын өз жалғасын тауып келеді. Қайырымдылыққа өз үлесін қосу барысында мектеп-лицей ата-аналары да тыс қалмады. Олар төмендегідей қаражат жинап берді. 6 "д" класс-15000 теңге, 7 "д" класс-13000 теңге, 9 "д" класс-11000 теңге, 10"а" класс-15000 теңге, 10 "ә" класс-20000 теңге. Жиналған жалпы сумма -84 000 теңге

Кітапхана қызметкері М. Досмағамбетова -5000тг, мектеп-лицей директоры А. Кисикова -5000 тг, мектеп ұстаздарынан 155 630 тг қосылды. Барлық жұмсалған қаржы -269 630 теңге.

Акцияның мақсаты:

1. Жастарды отансүйгіштікке, имандылыққа, патриоттыққа тәрбиелеу;
2. Өз ісіне адал ұрпақ тәрбиелеу.

Осы шара барысында Новый орта мектеп - лицейінде қайырымдылық шаралары өткізілді.

1. 35000 теңге Қалалық ектілерге 20 отбасына көмек беруге қосылдық;
2. 13000 теңге аз қамтылған отбасы балалары "Локомотив" кинотеатрына апарылды;
3. 17500 теңге "Үміт" балалар үйіне танымдық материалдар, ойыншықтар;
4. 30000 теңге "Аналар" үйіне азық-түлік
5. 8200 теңге "Балбұлақ" бала-бақшасына танымдық-дидактикалық материалдар
6. 119930 теңге дарынды оқушы И. Орынбайға наутбук
7. 16000 теңге "Аяла" өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығы
8. "Жаңа жылға сыйлық " қайырымдылық операциясы (Қалалық оқушылар сарайы)- 30000 теңге
9. Ақтөбе облыстық балалар ауруханасына тегін кітап табысталды.



**Педагог психолог М. Мұлдагазина:** - Бала тәрбиесінің дұрыс жолға түсуі, оны қоршаған ортаға, әсіресе отбасы мен ұстаздар қауымының парасаттылығына байланысты. Үйдегі заңсыздыққа бойы үйренген бала басқаның да құқығын сыйламайтын, ол туралы ойланбайтын болады, керісінше жанұядағы жақсы қарым-қатынаста өскен бала ертең қайырымды болып өседі. Баланы түзу өсіретін қорқыту-үркіту емес, оның еркін өсуі жан-жақты дамуына игі істер әсер етеді. Сондықтан да бала тәрбиесіне көңіл бөлу мақсатында Новый орта мектеп-лицейінде 25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» апталығы жоспарға сәйкес өтті. Алдын ала жасалған жоспар негізінде іс-шаралар өткізілді. Барлық іс-шараларды өткізуге тәрбие жөніндегі орынбасары, психологтар мен сынып жетекшілері бірлесе атсалысты. Оқушылар да белсенділік танытты.

Апталықтың мақсаты:

- ✓ Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту.
- ✓ Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйрету
- ✓ Зорлық –зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру.
- ✓ Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау

1-4 класс оқушылары «Әрқашан күн сөнбесін» тақырыбында сурет көрмесін ұйымдастырды. Барлық класстардан үздік деген суреттер алынып грамоталар мен марапатталды.

6-класс оқушылары «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында қабырға газетін шығарды. Ең үздік қабырға газетін шығарған 6 «Д» классы грамотамен марапатталды.

5-7 класс оқушылары «Біз салауатты келешек үшін» тақырыбында спорттық сайыс ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларды салауатты өмір салтына қалыптастыруға баулу. Сайыс нәтижесінде I,II,III ші орын алған командалар марапатталды

8-класс оқушылары арасында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында байқау ұйымдастырылып, сахналық қойылым көрсетілді. Қойылымға оқушылар белсене қатысып өздерінің зорлық-зомбылыққа қарсы екендігін білдірді. Оқушылар өздері қандай ситуативті зорлық-зомбылық болатындығын қойлымда айтып өз ойларымен бөлісті. Ең әсерлі қойылым қойған класстарға I,II,III-ші орындар беріліп грамоталармен марапатталды.

9-10 класс оқушыларымен «Құқықбұзушылықтың алдын алу-басты міндет» тақырыбында Астана ауданы, №1 ҚПБ кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандармен кездесу ұйымдастырылды. Оқушылар сұрақтарын қойып, ауқымды жауап ала алды. Шара соңында мектеп психологтары ер балдар арасында тенинг өткізіп. Оқушылардың болған шарадан қандай ой түйгендерін ортаға салып талқылап. Өз ойларын тал бейнесінде салынған суретке жазуға ұсынылды.

11-класс жетекшілері «Қоғамдағы, отбасыдағы және мектептегі зорлық-зомбылық және бейбітшілік қағидаттары» тақырыбында оқушылармен, ата-аналармен дөңгелек үстел өткізілді.



5-11 класс жетекшілері мен жас мамандарға арналған «Зорлық-зомбылықтың алдын алудағы педагогтардың ролі» атты түсіндіру жұмысын әлеуметтік педагог жүргізді. Жұмыс соңында мектеп психологтары сергіту жаттығуларын ұйымдастырды.

Өгей ата-анамен тұратын оқушылардың класс жетекшілерімен мектеп психологтары психологиялық тренинг өткізді.

Қортындылай келсек, барлық мектептің оқушылары мен мұғалімдері белсенділік танытып ауқымды іш-шараны өткізуге ат салысты. Оқушылар «Зорлық -зомбылықсыз балалық шақ» туралы мағлұмат алып қана қоймай, сахналық қиындығын рөлге кіріп көру барысында түсіне білді. Осындай іс-шара өткізу арқылы біз, оқушыларға зорлық-зомбылықсыз өмірдің әсемдігін түсіндіре білдік.

**Әлеуметтік- педагог Елеусизова С.У :** - Новый орта мектеп-лицейі директорының 2021 жылғы 02 қыркүйек күнгі № 197 санды бұйрығын басшылыққа ала отырып, мектеп асханасына тамақтану сапасына мониторинг жүргізіліп келеміз.

Мектеп асханасына мониторинг жүргізу барысында асхана іші санитарлық нормаға сай, қазіргі заманауи заттармен жабдықталған. Биылғы оқу жылына мектепте жекелеген санаттағы оқушылардың тамақтану графигі, асханаға жауапты кезекшіліктің мұғалімдері графигі, асханада пісірілген тағам түрлерінің прайс бағалары арнайы «Асхана бұрышында» ілініп тұр. Ыстық тамақты ұйымдастыруға іс-шара жоспары оқу жылының басында бекітіліп, жоспар бойынша жұмыстар атқарылуда . Осы оқу жылының тамақтануына арналған бұйрық шығарылып, бұйрық негізінде комиссия құрылған,жауапты адамдар бекітілген. Комиссия құрамында 7 адам бар. Асхана жұмысының дұрыс ұйымдастырылуын тамақтың сапасын тексеру үшін жұмысшы бракераж тобы құрылып, жоспарға сай жұмыстар атқарылуда . Бір мезгілгі ыстық тамақпен аз қамтылған отбасы, көп балалы жанұя балалары, АӘК алатын және жетім,патронат балалар санымен бүгінгі күні 77 бала тамақ ішеді. Осы жылға бекітілген тамақтану құны – 507 теңге. Мектеп асханасының санитарлық жағдайы үнемі бақылауда. Асхананың санитарлық жағдайы, асхананың тазалығы қанағаттанарлық. Азық – түлік сақтайтын қоймалар, тамақ әзірлейтін, ыдыс – аяқ жуатын бөлмелер, азық – түліктердің сақталуы мен тұтыну мерзімі талапқа сай. Оқу жылы басында бракераждық жұмысшы тобын құру туралы, мектеп оқушыларын тамақтандыруда қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы, жұмыс тобын құру туралы бұйрықтар шығарылды. Оқушылардың тамақтануына арналған жылдық жұмыс жоспары құрылып, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілуде. Асхана талапқа сай құрал – жабдықтармен жабдықталған және безендірілген. Асхананың орындық, үстелдері оқушыларға жеткілікті. Әкімшілік кезекшілік кестесі, тамақтану уақытының кестесі, ата – аналар мен оқушыларға арналған ұсыныстар мен тілек журналы арналған. Сол күнгі берілетін ас бекітілген мәзірге сәйкес. Төрт аптаға бекітілген ас мәзірі бар. Уақытылы тамақ қалдықтары шығарылып тұрады. Сонымен қатар асхана қызметкерлерінің барлығының жеке медициналық кітапшалары бар. Бекітілген мәзір бойынша дайын астың сапасы туралы комиссия құрамының мүшелері бракеражды журналға уақытылы толтырып отырады. Тәуліктік сынама алу мен сақталуы қамтамасыз етілген.

Мектеп асханасында тамақтану бұрышы ұйымдастырылып, бақылау камерасы қойылған. Барлық класстар мектеп асханасындағы қауіпсіздік ережелерімен танысып, қол қойды. Үзіліс кезінде оқушылар сапқа тұрып, кезекпен – кезек тағамдар сатып алады.



Оқушылардың асханадағы қауіпсіздік ережелерін сақтауын арнайы бекітілген әкімшілік кезекшілері үзіліс сайын қадағалап отырады.

Мектеп асханасында тыйым салынған тағам түрлері сатылмайды және бұл тағам түрлері асханада ілулі тұр.

Әр санат бойынша көрсетер болсақ төмендегідей:

Кластар саны бойынша

1-4 класс аралығында 34 бала

5- 8 класс аралығында 39 бала

9-11 класс аралығында 4 бала

Жас ерекшеліктеріне байланысты

6-7 жас 9 бала

8-10 жас 36 бала

11-14 жас 22 бала

15-17 жас 10 бала

АӘЖ алатын отбасыдан тамақ ішетіндер 40 бала

Аз қамтылған 44 бала

Көп балалы 39 бала

Жетім 1 бала

Патронат 1 бала

Мектеп асханасында негізгі құжаттардың бірі –ас мәзірі . Ас мәзірінде белгілі бір күн көрсетілген, сонда тағамдар тізбесі мен сусындар тізбесі мектепте перспектикалық апталық мәзір жасалған және бекітілген. Ас мәзіріндегі тағамдар баланың жасына сай белгілі мөлшерде шығарылады. Тағам құндылығы, шығымы, ингредиенттердің сақталуы Бракераждық жұмысты жүргізу және ас мәзірінің жауапкершілігі мектеп медбикесіне жүктелген. Аптаның белгіленген бір күнінде бракеражды комиссия мүшелері асханада арнайы тамақ сапасы, ыдыс жуу орнынның гигиеналық талаптарының сақталуын, асхана аспазшыларының формаларын қадағалайды. Шикізат пен дайын тағамдардың жағдайына күнделікті бақылау жүргізіледі. Асхананың санитарлық жағдайы . оның ішіндегі ыдыстармен қамтылуы бәрі талапқа сай. Тағамдардың бір күндік сынамалары міндетті түрде сақталады.

Асхананың ас мәзірінің тағамдары білім алушыларға қаншалықты ұнайтынын және асхана қызметкерлерінің қызмет көрсету деңгейлеріне қанағаттануын, тағам пайдасын білуін анықтау мақсатында сауалнамалар алынды. « Ас –адамның арқауы» тақырыбында 1-4 кл оқушыларынан, «Ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың көзқарасымен» тақырыбында 5-11 кл оқушыларынан сауалнамалар алынды. Сауалнама нәтижесі төмендегідей нәтиже көрсетті, яғни 105 оқушы қатысты. Соның 74 пайызы дұрыс тамақтанбаудың зияны туралы білетіндігін көрсетсе, тамақ алдындағы гигиенаны 100 пайызы, балалар мен үлкендердің арасындағы тамақтану айырмашылығын 68 пайызы білетіндігін көрсетті.

Асхана жұмысын бақылауда қамқоршылық кеңес мүшелерінің арнайы бақылау дәптері және ата-аналармен жұмыс дәптері жүргізіледі . Ата-ана немесе қамқоршылық кеңес мүшелері тарапынан ешқандай ескерту, арыз-шағымдар жоқ. Сонымен бірге асхана жұмысына ұсыныстар дәптерін жүргізу жолға қойылған. Бұл дәптерде мектептің кез келген оқушысы асхана жұмысына өз ұсыныстарын, алғыстарын білдіре алады.

Қорытындылай келе айтар болсақ, мектептегі оқушылардың тамақтану сапасын қанағаттанарлық деңгейде деп бағалауға болады.

**Облыстық жастар мен балаларды ұйымдастыру қауымдастығының төрағасы, «Қамқоршылық» кеңес мүшесі Ж. Табылғанов:** - Мен бірнеше мектептермен жұмыс жасап келемін. Педагогтармен де көп араласамын. Осы мектептің жұмысына өз басым риза боламын. Мектеп басшысы Ақгүл Мырзабекқызы қарапайым, талабы мықты, өте еңбекқор. Ұжымы үнемі қатысқан шараларына үлкен дайындықпен келеді. Биылғы облыста өткен шараларда да жетістіктерге жетіп жүр. Бүгінгі жұмыстарға да риза болып отырмын.

**«Қамқоршылық» кеңес мүшесі С. Калиев:** - Бүгінгі қаралған мәселерден мектептің жұмысы көрініп тұр. Мектептің әлеуметік желісінен барлық жаңалықтарды, жүргізіліп жатқан іс шараларды көріп танысып отырамыз. Оқушылардың тамақтануы үнемі назарда болатын мәселе. Қаралған жұмыстарға ризашылығымды білдіремін.

**«Қамқоршылық» кеңес мүшесі С. Ақажанова:** - Мен бракераждық комиссия құрамындамын. Апта сайын уақыт тауып келіп кетемін. Асхана іші талапқа сай. Тамақтары дәмді. Оқушылар тамақты сүйсініп ішіп жатады. Өзім де оқушылармен сөйлесіп жүрмін. Кез келген мәселе дер кезінде шешіліп жатады. Мектеп жұмысына жақсы деген баға беремін.

**Сөйлеушілер:** «Қамқоршылық» кеңес мүшелері Г. Үмбетова, Е. Айағамбетов.

Мектеп әкімшілігі «Қамқоршылық» кеңес мүшелерінің сұрақтарына жауап берді. Мектеп лицей директоры А. Кисикова мектеп жанындағы салынбай тұрған көп қабатты үйдің құрылысы және оның мектепке қатысты кедергілері туралы хабарлады. Сонымен бірге Астана ауданының әкіміне, Ақтөбе құрылыс бөліміне жазған хаттарын көрсетті. Кеңес мүшелері жауап келмеген жағдайда өздері көмек беретіндерін ескертті.

### **Шешім:**

1. *«Жылы жүрек-жосмарт қол» қайырымдылық шаралары үнемі жүргізіліп отырылсын;*
2. *Бала тәрбиесіндегі Зорлық-зомбылық мәселеріне арналған жұмыстар ата-аналарға дер кезінде жеткізіліп, бірлескен іс шаралар жүргізіліп отырсын;*
3. *Ыстық тамақ сапасына мониторинг жүргізу жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.*

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:  Т. Табылғанов

Хатшы:  Ә.Әбілдаева